



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (113)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН
Бүркітбай Гелманұлы

– ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан

– PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара

– PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ
Өткірбай Мылтықбайұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ
Қуаныш Алдабергенұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯҒАН
Буркитбай Гелманулы

– Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан

– кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан

– PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдукап

– PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ
Уткирбай Мылтыкбайулы

– PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырулы

– PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ
Куаныш Алдабергенович

– PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Музей кеңістігіндегі тас мүсіндер: ғылыми зерттеу және экспозициялау мәселелері	
<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Каменные изваяния в музейном пространстве: вопросы научного изучения и экспонирования	
<i>Abdighaliuly B., Kadrimbetova N.</i> Stone statues in museum spaces: issues of scholarly research and exhibition...	8
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Визуальные стратегии Национального музея Республики Казахстан в контексте формирования национальной идентичности	
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контексіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің визуалды стратегиялары	
<i>Kazhenova G.T., Akzhasarova A.K.</i> Visual strategies of the National museum of the Republic of Kazakhstan in the context of the formation of national identity.....	24
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Reconstruction and museumification of the remains of the Golden Man: contemporary methods of research and digitalization	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Алтын адамның қанқа сүйегін жаңғырту және музейлендіру мәселелері: заманауи әдістері мен цифрландыру	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Реконструкция и музеефикация останков золотого человека: современные методы исследования и цифровизация.....	37
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова Қ.Б., Кистаубаева А.Қ.</i> Қазақ кесеқабы: көшпелі тұрмыстың музейлік бейнесі	
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова К.Б., Кистаубаева А.К.</i> Казахский кесеқап: музейное отражение кочевой бытовой культуры	
<i>Asylbekova N.O., Baudiyarova K.B., Kistaubayeva A.K.</i> Kazakh keseqap: the museum image of nomadic lifestyle.....	51

Археология / Archaeology / Археология

<i>Таймагамбетов Ж.К., Алипова С.Б.</i> О некоторых методах естественно-научных дисциплин применяемых в исследовании палеолита Казахстана	
<i>Таймагамбетов Ж.Қ., Алипова С.Б.</i> Қазақстан палеолитін зерттеуде қолданылатын жаратылыстану-ғылыми пәндердің кейбір әдістері туралы	
<i>Taimagambetov Zh., Alipova S.</i> On some methods of natural science disciplines applied in the study of the paleolithic of Kazakhstan.....	62
<i>Талеев Д.А.</i> Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы	
<i>Талеев Д.А.</i> Типология городов и поселений Келесского региона	
<i>Taleev D.A.</i> Typology of cities and settlements of the Keles Region.....	75
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Средневековый форпост Жезды на северных чинках Устьурта: предварительные итоги исследования	
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Үстірттің солтүстік жартастарындағы ортағасырлық Жезді бекеті: зерттеудің алдын ала нәтижелері	
<i>Bisembayev A., Kaldybayeva G., Akhatov G.</i> Medieval outpost Zhezdy on the northern escarpments of Ustyurt plateau: preliminary results of the study.....	89
<i>Иманғалиева М., Акымбек Е.</i> Природный фактор в выборе трасс караванных путей средневековья в Талас-Асинском бассейне	

- Иманғалиева М., Ақымбек Е.** Талас-Аса алабындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттарын таңдаудағы табиғи фактор
Imangaliyeva M., Akymbek Ye. Natural factor in the selection of medieval caravan routes in the Talas-Asa basin..... 99
- Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.** Қаратау жартаc суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау
Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау
Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures..... 112
- Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У.** Археозоологическая характеристика хозяйственного уклада казахской зимовки Тажегүл-2 XVIII–XIX вв.
Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У. XVIII–XIX ғғ. Тәжіғүл-2 қазақ қыстауының шаруашылық құрылымының археозоологиялық сипаттамасы
Shagirbayev M.S., Ganiyeva A.S., Sakenov S.K., Idrisheva B.U. Archaeozoological characterization of the economic structure of the kazakh wintering site Tazhegul-2 of the 18th–19th centuries..... 125
- Бекзатқызы И.** Цифровые 3D-модели керамики как источник морфометрических данных (на материалах Костанайского областного историко-краеведческого музея)
Бекзатқызы И. Керамиканың цифрлық 3D-модельдері морфометриялық деректер көзі ретінде (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары негізінде)
Bekzatkyzy I. Digital 3D models of ceramics as a source of morphometric data (based on the materials of the Kostanay regional museum of history and local lore)..... 148
- Этнология / Ethnology / Этнология**
- Somfai Kara D.** Kipchak-Turkic (Kuman) speaking peoples and Hungarian prehistory
Шомфай Кара Д. Қыпшақ-түркі (құман) халықтары және мажарлардың арғы тарихы
Шомфай Кара Д. Кыпчакско-тюркские (куманские) народы и предыстория венгров..... 162
- Әшбекова Г.У., Үмітқалиев Ұ.У., Саутбекова А.Г.** Қазақ халқының зергерлік бұйымдарындағы космологиялық символдар мен сакралдық түсініктер (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі материалдары негізінде)
Әшбекова Г.У., Умитқалиев У.У., Саутбекова А.Г. Космологические символы и сакральные представления в ювелирных изделиях казахского народа (на основе материалов Национального музея Республики Казахстан)
Eshbekova G.U., Umitkaliyev U.U., Sautbekova A.G. Cosmological symbols and sacred concepts in the jewelry of the Kazakh people (based on the materials of the National Museum of the Republic of Kazakhstan)... 168
- Ермекбаева М.А.** Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы
Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках
Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings..... 179
- Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утенов О.Т.** Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымы: мифологиялық негіздері мен мінәжат тәжірибелері
Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утенов О.Т. Концепт «Жер-Су» в традиционном мировоззрении тюркских народов: мифологические основы и ритуальные практики
Zhumadilova K.A., Ekici M., Utenov O.T. The concept of «Yer-Sub» in the traditional worldview of Turkic peoples: mythological foundations and ritual practices..... 191

Тарих / History / История

- Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.* 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы
Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы
Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years..... 202
- Baigabatova N. K., Ishkalova G.I.* Labor market adaptation strategies of repatriates in the Zhetysu region
Байғабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Репатрианттардың Жетісу облысының еңбек нарығына бейімделу стратегиялары
Байғабатова Н. К., Ишкалова Г.И. Стратегии адаптации репатриантов к рынку труда области Жетысу... 216
- Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж.* Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы
Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан
Primkulova G.Zh., Dinasheva L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkestan..... 225

Шолу / Review / Обзор

- Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т.* Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу
Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курманғалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура»
Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliev A. Review of A.T. Toleubayev's The Early Saka Shilikti Culture..... 238

Тарих/ History/ История

FTAMP 03.20

<https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.16>

***Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Астана, Қазақстан

*e-mail: rustem_nurkat@mail.ru

1920-1930 ЖЫЛДАРЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА АРНАУЛЫ ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – 1925–1929 жылдары Қазақстанның астанасы болған Қызылорда қаласында ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының пайда болуы, қалыптасуы және олардың даму тарихындағы кейбір күрделі мәселелерді қарастыру. Зерттеу барысында тарихи құжаттар мен ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы Қызылорда қаласында ХХ ғасырдың 20-жылдарында бірнеше техникум ашылып, олардың екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін республика экономикасы үшін қажетті мамандар даярлауда маңызды орын алғаны анықталды. Сонымен қатар мақалада сталиндік тоталитарлық режимнің бір көрінісі ретінде «кеңестік билікке сенімсіз» деп танылған халықтарды депортациялау науқанына ұшыраған КСРО-ның Қиыр Шығыс бөлігіндегі корей этносының бір бөлігінің Қазақстанға жер аударылып, кейін Қызылордаға орналастырылуы қарастырылады. Осыған байланысты қалада корей мектептері мен корей тілінде білім беретін педагогикалық институттың қызметі жолға қойылғаны, алайда большевиктік биліктің талабымен көп ұзамай жабылып, қазақ және орыс тілінде оқытатын жоғары оқу орнына айналғаны нақты деректер негізінде сипатталады. Авторлар аталған үдерістерді тың тарихи құжаттар арқылы талдап, Қызылорда қаласының білім беру тарихындағы осы күрделі кезеңді алғаш рет ғылыми айналымға ұсынады.

Кілт сөздер: КСРО, ҚазАКСР, Қазақ халық ағарту институты (Казинпрос), техникумдар, Қызылорда Корей педагогикалық институты.

Дәйексөз үшін: Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). бб. 202–215 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.16>

Кіріспе

1925–1929 жылдары Қазақстанның астанасы ролін атқарған Қызылорда қаласының ХХ ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысы мен 30-жылдардағы мәдени дамуы туралы арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмегені байқалады. Зерттеу тақырыбын нақтылау мақсатында мақалада Қызылорда қаласының қалыптасу тарихына және зерттеліп отырған хронологиялық кезеңдегі әлеуметтік-мәдени жағдайына қысқаша тоқталу қажет деп саналды. Өйткені қаланың атымен аталатын қазіргі Қызылорда облысының ағарту саласы ХІХ ғасырдан бастап Ресей империясымен, кеңестік кезеңде, нақты айтқанда Ресей Федерациясының арнаулы орта және жоғары оқу орындары салаларымен

үзіліссіз байланыста болғаны зерттеуді қажет етеді.

Орталық Азиядағы ірі су көздерінің бірі – Сырдария өзені жағасында орналасқандықтан қала мен облысты қазақ халқында, қазақ тілді әдебиеттерде «Сыр өңірі», «Сыр бойы» деп жанама атаулармен айту және жазу қалыптасқан. Қызылорда облысының аумағында 1957 жылдан бастап әлемге әйгілі Байқоңыр ғарыш айлағы жұмыс жасауда. Ғарыш айлағының орталығы қазіргі Байқоңыр қаласы (1995 жылға дейін «Ленинск») Қызылорда қаласынан 249,2 км. (154,8 миль) жерде, Ресеймен тікелей байланыстыратын бұрынғы Орынбор-Ташкент теміржолы бойында орналасқан. КСРО ыдырап

1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған соң «Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстан меншігіне өтіп, мемлекетаралық келісім бойынша ғарыш айлағы 2050 жылға дейін Ресейге жалға берілген және жалдау мерзімі аралығында Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қаласына сәйкес мәртебеге ие, бірақ Ресей Федерациясының субъектісі болып есептелмейді. Айта кететін жайт Байқоңыр қаласында да Ресейдің орта білім беретін мектептері мен колледждер және жоғары оқу орындарының филиалдары жұмыс жасайды (Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 2-том. 1999.).

Қызылорда қаласының атауы XIX-XX ғасырларда тарихи жағдайларға байланысты төрт рет өзгеріске ұшырады. Қала атауының бұлайша жиі ауысуы халықтың еркімен емес, сол кездердегі саяси биліктегілердің әмірімен жасалды. XIX ғасырда Сырдария өзені аймағы іргелес Қоқан хандығы тарапынан жиі шапқыншылыққа ұшырап отырды. Қоқан хандығы қазіргі Өзбекстан жерінде XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген феодалдық мемлекет болатын. Билік басында өзбектердің минг тайпасынан шыққандар отырды. Сырдария бойын мекендеген қазақ руларын бағынышта ұстау үшін қоқандықтар 1820 жылы «Ақмешіт» аталатын бекініс салып әскери гарнизон ұстады (СИЭ, 1965: 471).

Ресей империясының Орталық Азия аумағымен сауда-саттық жүйесінің қалыптасуына кедергі жасап жүргендіктен 1853 жылы Орынбор және Самара генерал-губернаторы В.А.Перовский (1785-1857) Қоқан хандығына қарсы әскери экспедиция ұйымдастырып Ақмешіт бекінісін тартып алып қаланың атауын «Перовск» деп өзгертті. 1867 жылдан бастап Перовск қаласы Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария облысының орталығы саналды. Ғылыми анықтамалықтарда Перовскіде алғашқы мектептер 1860-1863 жылдары ұйымдастырылғаны көрсетіледі. 1863 жылы осы өңірде қырғыз (яғни қазақ) училищесі, 1879 жылы қыз балалар, 1906 жылы ер балалар училищелері ашылды. Оларға 150 шәкірт қабылданған. Перовскіде бұлардан басқа мешіттер жанынан 2 қазақ, 2 татар, 1 өзбек және бір бұқар-еврей діни мектептері, осылармен қатар қаланың рухани өміріне сол уақытта 3 мешіт қызмет жасағаны баяндалады (Сыр елі, Энци, 2005: 172).

1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісі нәтижесінде 30 қазанда қалада кеңес өкіметі

орнаған соң кеңестік билік 1922 жылы «Ақмешіт» атауын қайтарды. 1925 жылы Қазақ АКСР-ның астанасы Орынбор қаласынан Ақмешітке көшірілген соң қала атауы «Қызылорда» болып өзгертілді. 1925 жылы 9 февральдағы Қырғыз (қазақ) Орталық Атқару Комитеті Қазақстан Республикасы астанасын Орынбордан Ақмешітке ауыстыру туралы шешім қабылдап, қаулыны жүзеге асыруды республика Халық Комиссарлары Кеңесіне тапсырды (Столицы, 2008: 33-34). Ақмешіт астана болар қарсаңында Сырдария губерниясының уездік деңгейдегі қаласы болды. 1920 жылғы дерек бойынша қалада 9100 тұрғын болды. Өндіріс орындарынан екі сабын қайнату, сыра жасау, тері илеу және кірпіш құю зауыттары жұмыс істеді. Уезд аймағында табиғи ресурстардан – көмір, тұз және сексеуіл ағашы ғана кездесетін (Столицы, 2008: 40).

Қала астаналық мәртебе алған соң тұрғындар саны баяу болса да өсе бастады. 1925 жылдың бірінші жартысында республиканың негізгі мемлекеттік мекемелері Қызылордаға көшірілді. Мұндағы басты қиыншылық тұрғын үйлердің жетіспеушілігі болды. Осындай қиындықтарға қарамастан 1925-1927 жылдары республика басшылығы халыққа білім беру ісін дамытып, қазақ қоғамында сауатсыздықты жою, мектептер мен интернаттар жүйесін ұлғайту науқанын жүргізді. Аталған жылдары қазақ мектептерінің көбеюіне, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының ашылуына үлкен мән берілді.

Қазақстандық зерттеуші К.Г. Аканов өзінің еңбегінде қазағы 2,4 процент ғана болған Орынбордан 97 процент қазақтар мекендейтін Қызылорда қаласы өзінің осы әлеуетімен кеңестік Қазақстанда ұлт қалыптастыруға (нациестроительство) елеулі әсері болды деген пайымға тоқталады (Аканов, 2019: 104-107). Халықтың 97 пайызын қазақтар құрайтын Қызылорда өңірінде ежелгі және ортағасырларда өмір сүрген Шірік-Рабат, Жанкент және Сығанак сияқты көне қалалар орындарының сақталып XX ғасырға дейін жетуі және жергілікті қазақтардың бұл жерлерді киелі орындар санауы, аңыз-жырларына қосуы ғасырлар бойы ұлт жады өзегінің үзілмей келгенінің бір белгісі болатын.

Автордың бұл пікірінің дұрыстығын көптомдық академиялық басылымнан да көруге болады. «15-19 апреля 1925 года в новой столице республики состоялся V съезд Советов Казахстана. На нем впервые были представлены

трудящиеся всех районов Советского Казахстана. Съезд восстановил исторически верное название народа-казахи и переименовал название новой столицы республики: город Ак-Мечеть (быв. Перовск) был переименован в Кызыл-Орду (Ист. КазССР, 1977: 358).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында маңызды дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасы Президенті архивінде (Алматы қ.) сақталған Казкрайком РКП(б)-ның Мәдениет бөлімінің материалдары жинақталған қорда (ҚР ПА. Қ-141, Т-1, Іс-4927. 13-27-пп.) 20-30 жылдары жұмыс жасаған Қызылорда шикізат техникумы туралы деректер кезікті. Осы уақытқа дейін әдебиеттерден Қызылордада осындай техникум жұмыс жасаған деген дерек кездестірмедік. 1931 жылы осы техникумда жұмыс жасаған оқытушылардың саны, туған жылдары, білімдері, алған мамандықтары, партия қатарында бар немесе жоқтығы, шыққан тегі, осы техникумға қандай қаладан қашан келгендігі туралы мәліметтер көрсетілген. Сонымен бірге 1931 жылғы осы техникумдағы оқу кабинеттері мен лабораториялар, оқушылар саны, оқу үлгерімдері, 1931 жылы техникумның алдында тұрған проблемалар және оны облыстық және республикалық жоғары органдар арқылы шешу жолдары туралы ұсыныстар баяндалған. Осы шикізат техникумы туралы деректер ғылыми айналымға бірінші рет ұсынылып отырғанын айтқанымыз жөн.

Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағатының 11-қор, 1-тізімдеме, 1-істе Казнаркомторгтың 1929 жылы шикізат техникумын ашу туралы қаулысы, оқу орнын ұстауға жұмсалатын металық шығындар көлемі, ал, 11-қор, 1-тізімдеме, 3-істе техникумдағы коммунистік партия ұйымының кәсіподақ ұйымымен бірлескен жұмысының кейбір нәтижелері туралы мәліметтері сақталыпты. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағатының 12-қор, 1-тізімдеме, 1-істе 1933-1934 оқу жылында Қызылорда сауда техникумы оқытушыларының пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы, техникумдағы химия-биология, физика кабинеттерінің жабдықталу деңгейі, облторгпен бірлесе жұмыс жасайтын дүкен жағдайы туралы, ал (ҚОМА. Қ-12, Т-1, Іс-2) оқу бөлімінің есебі, жылдық оқу жоспарының орындалуы, аз ұлт өкілдерін осы техникумға оқуға тарту мәселесі

туралы мәліметтер кезікті. Бірақ ҚР Президент архиві жоғарыда айтылған 141-ші қорынан Қызылорда қаласындағы сауда техникумы туралы мәліметтер кездеспеді.

Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағатының (ҚОМА. Қ-4, Т-1, Іс-9) Қазақ КСР Халық ағарту Комиссариатының Халық ағарту институттары туралы Ережесі сақталыпты. Ережеде мұндай институттардың құрылымы, дайындық бөлімдері, жұмысшы факультеттері туралы ережелер бекітілген (ҚОМА. Қ-4, Т-1, Іс-9, 4-5-пп.).

Зерттеу барысында 2012-2019 жылдары шығарылған «Истории депортаций. Казахстан» деген үш томдық құжаттар жинағының 2-томындағы материалдар пайдаланылды. Құжаттар жинағының 2-ші томындағы КСРО-ның Қиыр Шығысынан Қазақстан мен Орта Азияға күштеп қоныс аударылған корей этносының қазақ жерінде корейлік педагогикалық институт қалыптастыруына қатысты деректік материалдар мен осы мәселеге қатысты ресейлік зерттеуші Л. Малевинаның ғылыми мақаласы талданды.

Зерттеу мақаламызда Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 2008 жылы шығарған «Столицы Казахстана» құжаттар жинағының 50-53 беттердегі болашақта Қызылордада құрылуға тиісті оқу орындары туралы мәліметтер сараланды. Сонымен бірге зерттеуші Куаныш Акановтың «История столиц Казахстана в XX веке: опыт создания, передислокации и вопросы нациестроительства» докторлық диссертациясымен де танысып, диссертациясында аталған тақырып негізінде құнды мәліметтер қамтылған, кейбір дерегіне сілтеме жасадық.

Мақаланы жазу барысында архив құжаттары, құжаттар жинағындағы материалдарды, ғылыми анықтамалықтарды мен әдебиеттерді жүйелі және кешенді сараптаудың нақты тәсілдері мен салыстырмалы-тарихи және ретроспективтік-хронологиялық әдістері қолданылды.

Талдау

Кеңестік Қазақ республикасындағы мәдени құрылыс, жоғары оқу орындарының құрылуы мен дамуы туралы еңбектер жеткілікті болғанымен тікелей біздің тақырыбымызға қатысты зерттеулер болмағаны анықталды. Кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеуші Кадыр Жаманбаевтың «Высшая школа в Казахстане»

деген монографиясының өзінде Қызылорда қаласындағы арнаулы орта және жоғары оқу орындары туралы дерек табылмады. Мадин И.Б., (Мадин И.Б. 1973. Развитие высшего педагогического образования в Каз ССР и педагогическая подготовка учителей), Амантаев Ж. (Амантаев Ж. 1957. Развитие высшего образования и науки в Казахстане) Лукьянец И.К. (Лукьянец И.К. 1953. Борьба партийной организации за создание высшей школы в Казахстане (1920-1934 гг.)) сияқты зерттеушілер еңбектерінде де нақты мәліметтер кездеспеді. Дегенмен Қ. Жаманбаев 1919 және 1920 жылдары Орынбор, Орал, Семейде халық ағарту институттары ашылғаны туралы мәлімет береді. Сонымен бірге халық ағарту институттары толық мәнді жоғары оқу орны емес еді. Оны аяқтаған студенттер кейін институт немесе университетті бітірсе ғана жоғары білімді деп есептелді деген уәж айтады. Қ. Жаманбаев Халық ағарту институттары арнайы орта білімді мұғалімдер кадрларын даярлаумен айналысқанына тоқтала келе қазақ жастарының арасында білім деңгейі төмен болғандықтан жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түсулеріне жәрдемдесу мақсатымен жұмысшы факультеттері ұйымдастырылғанын және бұл тәжірибе өзінің тиімділігін көрсеткенін алға тартады (Жаманбаев, 1972: 43).

Р.Б. Сүлейменов пен Х.И. Бисенов өздерінің монографиясына республиканың халық шаруашылығы мен мәдениеті саласына мамандар даярлау ісіне революциядан бұрынғы орыс демократиялық интеллигенциясы өкілдері үлкен үлес қосқанын: «педагог, врач, инженер, агрономы стали учителями казахов в первых учебных заведениях, созданных Советской властью» - деп әділ бағасын береді (Сүлейменов, 1967: 126).

Тәуелсіз Қазақстанның танымал ғалымдары да Ресей тарапынан 20-30 жылдары Қазақ АКСР-іне жасалған интеллектуалдық көмекті лайықты бағалауда. Академик Ханкелді Әбжанов пен Гүлмира Назарбаева: «Высшие учебные заведения России, помимо прямого участия, росту интеллектуального потенциала казахского общества способствовали и косвенно. Дело в том, что выпускники российских вузов, работая в степном крае, передавали окружающим, независимо от национальности, свои профессиональные навыки и знания. Их подчиненные и ученики со временем вовлеклись

в сферу умственного труда» - деп бағалайды (Назарбаева, 2004: 313).

Кеңестік кезеңде жарық көрген көптомдық Қазақ КСР тарихында 20 жылдары: «...в постоянных и краткосрочных педагогических курсах в столице республики, губернских городах занятия вели опытные педагоги, советские и партийные работники, студенты Коммунистического университета трудящихся Востока. Лекции переводились на казахский язык. В работе курсов в Гурьеве и городской учительской конференции в том же году активное участие приняли выпускники Ленинградского педагогического института имени Герцена (Ист. КазССР. 4том. 1977: 474-475) деген дерек келтіреді.

Алынған нәтижелер

Астананы Қызылордаға көшіру аясында ҚазАКСР басшылығы тарапынан педагогикалық, ирригация және мелиорация, теміржол, тау-кен, сауда, коммерция және экономика, электротехника, авиация, ветеринария, ауылшаруашылығы, садоводство и огородничество техникумдарын және бір университет ашу мәселесі көтерілді. Университет астана болған соң Қызылордада ашылуға тиіс еді (Столицы, 2008: 50-51) 19 февраля 1925 г). Өкінішке орай жоғарыда айтылған объективтік себептерге байланысты 20-30 жылдары осы оқу орындарының бірнешеуі ғана құрылып жұмыс жасады.

Қызылорда қазақ ағарту институтының 1929-1930 оқу жылында физика-техникалық, химия-биология, қоғамдық пәндермен бірге тіл және әдебиет тарихы бағыттары бойынша мамандар даярлады. Кеңес өкіметі орнағанға дейін қалада, тіпті Қазақстанда бірде бір жоғары оқу орны болмағандықтан білім беру саласының жоғары білімді мамандары даярланбағаны белгілі. Сондықтан институт алдында ұлттық жетіжылдық, колхоз-совхоз, завод-фабрика жастары мектептері үшін мұғалімдер даярлау міндеті тұрды. Ағарту институтында кешкі бөлім және еңбек етіп жүрген мұғалімдердің білімін көтерудің сырттай секторы да жұмыс жасады (ҚОМА, Қ-1, Т-6, Іс-1, 1-2-пп). Институтта оқу жоспарына сәйкес дәрістер қазақ тілінде жүргізілді.

Тарихи мәліметтерге қарағанда 1925-1929 жылдары қазақтың бүкіл саяси элитасы ел астанасы Қызылордада еңбек етті. Олардың арасында Сұлтанбек Қожанов (1894-1938), Сәкен

Сейфуллин (1894-1938), Илияс Жансүгіров (1884-1938), Бейімбет Майлин (1894-1938), Мұхтар Әуезов (1897-1961), Сәбит Мұқанов (1900-1973) сынды ұлт руханиятының көрнекті өкілдері болды. Қызылордадағы халық ағарту институты 1926 жылы алғашқы 10 қазақ мұғалімін даярлап мектептерге жұмыс жасауға жолдама берді (Ист. КазССР. 4.Т:475).

Институтта білікті оқытушылар тапшылығын көрген Сәкен Сейфуллиннің Халық ағарту комиссариатына институтты тұрақты мамандармен қамту жөніндегі өтінішінен кейін Меңдешов Сейітқали (1882-1937), Жолдыбаев Молдағали (1887-1938), Жүргенов Темірбек (1898-1939), Кенжин Аспандияр (1887-1938) сияқты партия-кеңес қызметкерлері келіп студенттерге лекция оқып тұрған (Ист.КазССР. 4.Т.: 344).

Казинпростың 1931 жылғы құжаттарына қарағанда республика астанасы Алматыға (бұрынғы Верный) ауысқаннан кейін студенттер мен оқытушылар саны азайып халық ағарту институтының жағдайы нашарлағаны байқалады. Деңгейі төмендесе де оқу орны өз жұмысын жалғастырыпты.

Оқытушылар құрамын қарасақ олардың жартысы Москва, Орынбор, Самара, Ярославль, Бугульма қалаларынан тартылғаны және бәрі дерлік жоғары немесе аяқталмаған жоғары білімдері бар екені көрініп тұр. Бұл деректер осы қаладағы алғашқы жоғары оқу орнының қалыптасуына Ресей тарапынан көп көмек берілгенін көрсетеді. Оқытушыларының бесеуі европалық нәсіл өкілдері болғаны кеңес өкіметінің шет аймақтарға оқытушылар жіберіп көмек жасағанын көрсетеді. Ал, Орынбордан ауысып келген Нигмадиловтың ұлты татар немесе башқұрт болуы мүмкін деп болжауға болады, себебі ол мұғалімдік білімді Уфа қаласындағы 1906 жылы ашылған «Галия» медресесінде алғаны белгілі. Уфа медресесі діни сипатта, бірақ жәдидше (джадидизм) оқытатын оқу орны болатын (ҚР ПА. Қ-141, Т-1, Іс-10428, 13-14-пп.).

Осылайша аталған кезеңде Қызылордада бірнеше арнаулы орта оқу орындары жастарға білім берумен айналысты.

Архивтік-құжаттарға сүйенетін болсақ, Қызылорда қаласында 1929-1930 оқу жылынан бастап Қазақ АКСР Сауда министрлігі жүйесіндегі шикізат техникумы (сырьевой техникум) жұмыс жасағаны белгілі болды. Бұл техникум республиканың ауыр және жеңіл

өнеркәсібі, транспорт және тамақ өндірісі, шикізатты өңдеу салаларына арнаулы орта білімді мамандар даярлаумен айналысты. Техникум ашуға жасалған сметада оқу орнының директоры 275 рубль, орынбасары 210 рубль, коменданты 140 рубль жалақы алатын болып белгіленді. Сонымен бірге штаттағы оқытушылар, іс жүргізуші, машинистка т.б. техникалық қызметкерлердің қызметтік жалақылары да белгіленген. Оқушылардың киіміне 70 рубльден бөлінді (ҚОМА. Қ-11, Т-1, Іс-1, 6-7-пп.). Химия-биология, физика және арнайы пәндер кабинеттеріне фотоаппарат, микроскопты Германиядан сатып алғызу туралы шешім қабылдапты.

1929 жылы ашылған техникумның жұмысына бөлінген қаржыда оқу ғимаратының, оқу кабинеттері мен лабораториялар, оларға қажетті құрал-жабдықтар және жатақхана, асхана, еңбек ететін оқытушылардың жалақылары, техникум оқушыларының стипендиясы көлемі т.б. көрсетілді.

Оқушылардың стипендиясы 25-30 руб, курс тыңдаушыларына 9 мың руб. болып белгіленді. Алғашқы оқу жылында 1320 оқушы қабылданды. Бұл техникумда жергілікті ұлт өкілдеріне арнайы пәндер бойынша қазақ тілінде оқулықтар болмағандықтан және алғашқы жылдары оқытушыларға дәрістерін қазақшаға аударып түсіндіріп беретін көмекшілер (ассистенттер сияқты) қызмет енгізілді. Техникум құрамында осы сала мамандарының білім көтеру курсы да бірге ашылды (ҚОМА. Қ-11, Т-1, Іс-1, 8-п.).

Техникумның 1931 жылғы құжаттарына қарасақ оқытушыларының бәрі дерлік Ресейден шақырылғаны байқалады, өйткені Қазақстанда ол кезде мұндай мамандықтарды даярлайтын оқу орындары да және осы мамандықтарымен жұмыс та болмаған еді. Осы арада бір ескеретін жағдай техникумда жалпы білім беретін және арнайы пәндермен қатар қазақ тілі де жүргізілгені көрініп тұр (ҚР ПА. Қ-141, Т-1, Іс-4927, 26-п.).

Келесі 1930-1931 оқу жылындағы есепте техникум бірқалыпты жұмыс ырғағына көшкені баяндалады. Жақсы жабдықталған физика-математика, товартану, жаратылыстану-мал шаруашылығы, бағалы аң терілерін өңдеу ісі, жүн өңдеу ісі кабинеттері мен химия лабораториясы, фито-лаборатория жұмыс жасаған. Жалпы алғанда 180 оқушы оқитын класс кабинеттері

мен жатақхана ретінде пайдаланатын ғимараты бар. Сонымен қатар техникум оқушылары азық-түлікпен, стипендиямен, қызметкерлерді жалақымен қамтамасыз ету ісі республикалық «Казгосторг» мекемесінен жергілікті РайПО-ға берілген ақпан айынан бастап, жоғарыдағы қызметтердің тоқтатылуы техникумда жағдайдың қиындатқанын байқатады. Техникум басшылығы бұл мынадай жағдайлардан көрінгенін талдап береді:

- техникумды қаржыландыру жұмысында үзіліс болуда;
- қаржы тапшылығынан ғимараттарды жылумен қамтамасыз етуге отын жетіспеушілі туындады;
- қаржы тапшылығы өз кезегінде оқушылардың денсаулығын әлсіретіп, оқу процесіне зиянын тигізуде, атап айтқанда оқушылар тарапынан жиі ауру-сырқаулар көбейіп, оқуды тастап кету фактілері байқалуда. Сондықтан кейбір оқу группаларын біріктіріп оқытуға мәжбүрлік.
- жалақының уақытында берілмеуінен арнайы пәндер оқытушылары мен инструкторлардың жетіспеуі туындауда.

Осыларды айта келе техникум директоры В.Зеленин жоғары басшылыққа тығырықтан шығарудың жолдарын көрсетіп ұсыныстарын жасайды. Солардың бірі ретінде техникумды практикалық жұмыстар жүргізуге қажетті шикізаттар қоры бар және техникумның бағытына сай келетін оқытушы мамандары бар аймаққа көшіру мүмкіндігін қарастыруды да ұсынады (ҚР ПА. Қ-141, Т-1, Іс-4927, 24-п.).

Қазақстан Республикасы Президенті архивінде шикізат техникумына қатысты сақталған деректерде техникум басшылығының 1931 жылы 10 мамырда жоғары органдарға жөнелткен есебінде 1930-1931 оқу жылында техникумда төменгі және жоғары дайындық топтарына бөлінетін 122 оқушы білім алуда және 20 майда жоғары дайындық тобының 26 оқушысы білім алуды аяқтап диплом алатыны мәлімделген. Техникум түлектерінің 11-і жүн өңдеу, ал 15-і жануарлар мен бағалы аң терілерін өңдеу салалары мамандары екен. Техникум басшылығы оқу жоспарының орындалғанын айта келе кейбір олқылықтар да болғанын жасырмайды. Мәселен, қоғамтану пәні оқытушысын қалалық партия комитеті саяси науқандарға тартатындықтан сабақтары кейде өтпей қалатын және оқу жылының соңына

қарай саяси экономия пәні оқытушысы болмай қалғанын жасырмайды. Оқушылар өндірістік практиканы аудандық загатконтора мекемелері қоймаларында өткізіп отырғанын мәлімдейді (ҚР ПА. Қ-141, Т-1, Іс-4927, 23-п.).

Архив материалдарында 1932 жылдан кейін бұл оқу орнына қатысты деректердің кездеспеуіне байланысты шикізат техникумы осы кезеңнен кейін жұмысын тоқтатқан болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Осы қалада Қазақ АКСР Сауда халық комиссариаты жүйесіндегі екінші бір арнайы орта оқу орны – Қызылорда сауда техникумы жұмыс жасағаны белгілі. Архив құжатында техникумның сол кезде «Банковская 38-ші» ғимаратта орналасқаны, байланыс телефоны 2-43 және 2-52 номерлі болғаны сақталыпты. Архив құжаттарында 1934-1935 оқу жылында бұл техникумда 82 оқушы білім алғаны, олардың 34-ы қыздар, сонымен қатар дайындық бөлімінде 115 адам оқитыны және техникумда оқу ұзақтығы 3 жыл екендігі жазылған. Оқу орнында әкімшілік-техникалық қызметте 10, дәрежесі олардан төмен кіші қызметкерлер саны 5 деп көрсетілген. Кітапханасында 8162 кітап жинақталса, оның 6224 оқулық пен оқу-әдістемелік құралдар болған (ҚОМА. Қ-12, Т-1, Іс-1, 11-12-пп.). (Отчеты преподавателей о выполнении учебной программы Кызылординского торгового техникума за 1933-1934 учебный год. Кызылординский областной государственный архив) Бұл мәліметтер сол кездегі жағдаймен арнаулы орта оқу орны үшін жақсы көрсеткіш болатын.

Бұл техникумның бір ерекшелігі оқушыларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге көмек болатын қосымша шаруашылық ұстауы тиімді тәжірибе болды. 1935 жылы техникум шаруашылығына тиесілі 4 сиыр, 20 қой, 4 шошқа малы бағылып, әкімшілік оларды күтіп баптауға бақташы, сауыншы және бір жұмысшы ұстады. Сонымен қатар 15 гектарлық егіс алқабына картофель, бидай, арпа екті.

Облыстық архивте 1933-1934 оқу жылында техникум басшылығы мен оқытушыларының 1 және 2 курс бойынша негізгі пәндер бойынша оқу жоспарының, сонымен бірге өндірістік жоспардың да орындалуы туралы мәліметтер кездеседі. Оқушылар теориялық білімді техникум аудиторияларында, лабораторияларында алса өндірістік практиканы облыстық сауда орындарының дүкендерінде жалғастырды

(ҚОМА. Қ-12, Т-1, 36-п.).

Сауда техникумында сабақ орыс тілінде жүргізілгені байқалады. Өйткені техникум құжаттары орыс тілінде толтырылған және техникум оқушыларының негізгі бөлігі славян тектес фамилиялардан тұрады. Мәселен 1933-1934 оқу жылындағы 47 студенттің қатарында Асқаров, Ашимова, Жанбаев, Ташмағанбетов деген азиялық тектес оқушылардың фамилиялары ғана кездесті (ҚОМА. Қ-12, Т-1, Іс-2, 17-п.). 1934-1935 оқу жылындағы техникумның әлеуметтік-экономикалық цикл бойынша дәріс жүргізетін оқытушыларының тізімінде Бейсенов, Джаркинбаев, Хамзин деген азиялық тектес фамилиялар кездесуі бұл оқу орнында қазақ мамандарының үлесі барын көрсетеді.

РСФСР Ішкі сауда халық комиссариаты (Наркомат внутренней торговли РСФСР) кадрлар даярлау бөлімі басшысы орынбасарының (зам. нач. подготовки кадров) Қызылорда сауда техникумы директорына жіберген қатынас хатта алдағы оқу жылдарында техникумда оқитын қазақ жастарының үлесін арттыруды міндеттегені айқын көрсетілген (ҚОМА, Қ-12, Т-1, Іс-2, 3-п.).

Облыстық архивтің деректеріне сүйенсек бұл сауда техникумы 1941 жылдың басына дейін жұмыс жасағаны көрінеді. Өйткені архивтегі №12 қордың №4 ісінің 76 парақтан тұратын құжатта техникум балансына қатысты материалдары 1940 жылдың 21 мартынан 30 желтоқсан аралығындағы уақытты көрсетеді.

«Сыр елі» энциклопедиясында 30-жылдардың соңына қарай Қызылорда өңірінде педагогикалық институт және осы облыс аумағында орналасқан Қазалыда (г. Казалинск) педагогикалық училищелер, сауда, теміржол, ауылшаруашылығы, мал дәрігерлік техникумдары мен фельдшерлік курс жұмыс істеді. Жетіжылдық мектептер үшін ұстаздар даярлауды екіжылдық педагогикалық курстар атқарды. 1938 жылы осы курстарда 756 адам білім алған туралы баяндалады (Сыр елі. Энци., 2005: 172).

Тәуелсіз Қазақстанды мекендейтін көп этностардың бірі - корейлер. Корейлердің тағдыр жазуымен қазақ жеріне Ресейден келіп қоныстануы ХХ ғасырдың 30-жылдарында жүзеге асты.

Корейлердің алғашқы легі өз елінен Ресей империясы аумағына, нақты айтқанда 1849 жылы Владивосток қаласына (3995 адам), Амур

облысына (5885 адам) келіп қоныстанды. Ғылыми әдебиетте корейлердің өз отандарын тастап Ресейге қоныс аударуына - өз еліндегі ауыр тұрмыс, жоқшылық, жергілікті феодалдардың ауыр езгісі, ауыр алым-салықтар әсер еткені баяндалады (Малявина, 2016: 218).

Осылайша Ресейдің Қиыр Шығысына қоныстанған корейлер бір ғасырдай уақыт аралығында өсіп-өніп, қатары көбейіп, жергілікті халықпен тіл табысып өмір сүргенімен кеңестік заманда большевиктердің саясаты зардабымен депортацияға ұшырайды.

КСРО-ның Қиыр Шығыс өлкесінен 172 мың корейлерді «саяси сенімсіз» халық ретінде Кеңес Одағының басшылығы күшпен көшірді. Оған большевиктер өкіметі мынадай жағдайды «сылтау» етті.

ХХ ғасырдың 30 жылдарының басынан Қытайдың солтүстік-шығыс бөлігін Жапония мемлекеті басып алуға әрекеттеніп, 1937 жылы шілде айында ақыры басып алады. Ал, іргелес Корей мемлекеті болса 1910 жылдан Жапонияның «иелігінде» болатын. Формальді түрде болса да, корейлер жапон императорының адамдары (подданные) болып саналды. Кеңес Одағының басшылығы енді кеңестік корейлер Жапонияның пайдасына тыңшылық жасауы мүмкін деген қауіппен Қиыр Шығыстағы корейлерді 1937 жылы қыркүйек-қазан айларында елдің ішкі аудандарына, яғни Орта Азия мен Қазақстанға еріксіз көшірді.

1937 жылы қазан айында Орталыққа жіберілген ақпаратта Қазақстан мен Орта Азияға 171781 адам (36442 мың отбасы) көшірілді деп көрсетілген. (Депортация, 2014: 204).

Қазақстандық зерттеуші Г.В.Канның ғылыми-құжаттық зерттеу еңбегіндегі деректерге қарағанда Қазақстанға корей тілінде оқытатын педагогикалық институт, педагогикалық техникум, педагогикалық рабфак, 4 орта, 8 орталау және 23 бастауыш мектептер көшірілген. 1938 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша корей пединститутында 300, мұғалімдер институтында 120, ал осы институттың рабфагында 410, педучилищесінде 272 білім алушылар болған (Кан, 1995: 96-97). Жоғары және арнайы орта оқу орындары осы Қызылорда облысы аумағына орналастырылған. Г.В. Кан архив деректерін көрсете отырып Қызылордаға 1937 жылы күзде келген 800 студенттер саны 1938 жылдың басында 500-ге дейін азайтылғанын жазады (Кан, 1995: 107).

Тарихшы ғалымның бұл дерегі бұл қалада корей институтының жұмыс жасағанын көрсетеді.

Қазақстанға көшірілген корейлер негізінен қазіргі Қызылорда және Түркістан облыстарына қоныстандырылды. Адамдармен бірге ағарту мекемелері мен мектеп жабдықтары мен оқулықтар, оқу құралдары, корей тіліндегі кітаптар, көрнекі құралдар, газет-журналдар да көшірілді.

Көшірілген мәдени мекемелер қатарында, ауылшаруашылық техникумы, 1932 жылы Владивостокта құрылған корей театры да болды. Мұнда ол Корей музыкалық-драма театры деп аталды. Кейін, 1968 жылы театр Алматыға көшірілді. Корей тілінде «Сенбо» («Авангард») газеті шығып тұрды (Депортация, 2014: 674).

Ресейлік зерттеушілердің мәліметіне қарағанда Владивосток қаласындағы Корей педагогикалық институтында (немесе Интернационалды педагогикалық институт - авт.) 1936-1937 оқу жылында 309 корей ұлтының өкілі оқыған.

КСРО-ның Қиыр Шығысында құрылған Корей педагогикалық институтынан барлығы 1171 адам көшірілген, ал солардың қатарында 554 студент және институттың 88 қызметкері болған. Институттың құрал жабдықтары, дүние-мүлкі толығымен Қызылорда қаласына көшірілді (Депортация, 2014: 205). Қазақстанға көшіріліп қиын жағдайда болса да институт оқу жұмысын жалғастырады. Кейін Қиыр Шығыстан әкелінген корей институтының барлық құрал-жабдықтары, орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттер т.б. Қызылорда пединституты меншігіне өтті.

Корейлік пединститутта 1937 жылғы 28 желтоқсандағы мәлімет бойынша 830 студент болған, олардың 120-ы - мұғалімдер институтында, 300-і - пединститутта, 410-ы - жұмысшы факультетінде (рабфакта) оқыған. Корей педагогика институтының Қызылордаға келгеннен кейінгі материалдық-техникалық жағдайының төмендігі сол кездегі құжаттардан айқын көрінеді. Құжаттарда жатақхананың жағдайының нашарлығы және оның өзі студенттерге жетпейтіні, бөлмелерінде жарық пен жылу жоқтығы, бөлмелердің әбден тозғаны, тұруға қолайсыз, сұрықсыз болғандығы көрсетіледі (Депортация, 2014: 233-234).

Корей пединститутында корей тілінде дәріс оқитын оқытушыларының құрамы да әлсіз болғандығы байқалады, өйткені бірде біреуінің ғылыми атағы болмаған. Құжаттарда педа-

гогика, элементарлы математика, анатомия және физиология, дарвинизм, отар елдер тарихы, әдебиет пәндері бойынша дәріс жүргізетін оқытушылар жетіспейтіні туралы мәліметтер кездеседі.

Осы институттың студенті Ко Чен Сан КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы В.М. Молотовқа осы әділетсіздікке байланысты наразылық хат жолдаған. Хатта сонымен қатар студенттердің 20 пайызын шәкіртақыдан қысқарту туралы Қазақстан халық ағарту министрлігінің шешіміне қарсы екендіктерін жазған.

Корей пединститутының директоры және профессоры міндетін атқарушы В.А.Лопатоның 1938 жылы 3 мамырда Қызылорда қаласында тұратын және аталған институтта еңбек ететін корей оқытушылары баспаналарының тұруға жарамсыз, тіпті апаттық жағдайда екендігі туралы тексеріс қорытындысын жазып берген. Құжаттарға қарағанда институт ғимараттары мен оқытушылардың үйлері Сарқырама көшесіндегі 7-і үйде, Восстание көшесіндегі 3-ші үйде және Карл Маркс көшелеріндегі үйлерде орналасқаны көрсетіледі.

Сарқырама көшесіндегі 7-ші үйде тұратын А.А. Хван, Чо ги чен, Е.Ким, А. Кан, Л.Л. Ли, В.М. Пак, И.С. Хван, Н.Д. Нигай, Карл Маркс көшесіндегі А. Пак, О. Цой, А.И. Пак, А.Н. Хван, Кан ун себ, К.В. Ким, К. Пак, А.Д. Тюгай, Цан тен, Хан вон дин, Пан Сен ханның, жалпы, институт ғимараттары мен оқытушыларының 38 баспанасын тексергенде олардың адам төзгісіз түрде екенін ашына сипаттайды.

Профессор міндетін атқарушы В.А. Лопато корей ұлты оқытушылары баспаналарының адам төзгісіз жағдайда және жеткіліксіздігі жергілікті басшылықтың корей ұлтына сенімсіз, жат адамдар, қалаға «масыл болушылар» ретінде қарап әдейі жасаған әрекеті деп бағалайды. Өйткені қаладағы басқа сауда, ауылшаруашылық техникумдары ғимараттары мен олардың оқытушылары тұратын үйлер корей оқытушылары баспаналарымен салыстыруға келмейтін әлдеқайда жақсы жағдайда деген дәлел келтіреді. Соңында лениндік-сталиндік әділ кеңестік ұлт саясатын корей ұлтына қатысты кемсітуге жол бермеуге үндейді (Депортация, 2014: 576-580). 1938 жылы Қызылорда қаласындағы корей пединститутын оқытатын ғимарат жетпейді деген себеппен жауып тастап, орыс тілінде оқытуға көшірген,

600 корей ұлты өкілдерін, дайындық курсының үміткерлерін енді оқу болмайды деп үйлеріне таратып жіберді (Депортация, 2014: 556-557).

Сол кездегі коммунистік партияның одақтық және республикалық органдарының корей педагогика институтына қатысты архив құжаттары 1938 жылдың қаңтарынан бастап ҚК(б)П Орталық Комитетінің мектеп бөлімінен Василенко деген нұсқаушы арнайы іссапармен Қызылордаға келіп осы аймақта жоғары және орта білім саласындағы өзгерістер жүргізу ісін ұйымдастырумен айналысуға кіріскені баяндалады. 1938 жылғы маусым айындағы мәліметтерде Корей институты атауы өзгергені, яғни Қызылорда педагогикалық институты аталғаны, ал директоры Боробов деген азамат екені туралы мәлімет кездеседі. Сонымен осы құжаттар жинағындағы деректерге және Г.В.Канның ғылыми еңбегінің мәліметтеріне сүйене келе мақала авторлары Корей пединституты 1937 жылдың соңынан 1938 жылдың көктеміне дейін жұмыс жасаған деген тұжырымға тоқталды.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында 1937 жылы Қиыр Шығыстан көшірілген Корей пединституты негізінде Қызылорда пединституты ашылғаны туралы бір жол ғана мәлімет берілген (Сыр елі. Энци, 2005: 172). «Сыр елі» энциклопедиясында және жергілікті зерттеуші-ғалымдар М.Тәңірбергеннің және Б.С.Досмағанбетов пен М.К.Киреевтің еңбектерінде Корей пединституты туралы ешқандай мәлімет берілмеген.

Қазақ КСР Оқу ағарту комиссариатының бастамасымен институттағы оқу жұмысы корей тілінен орыс тіліне көшірілгені, типографиядағы корей тіліндегі шрифтер орысшаға ауыстырылғаны, жаңа оқу жылында өзге ұлт өкілдері 60 пайызды құрайтыны, корей жазуын реформалау жүргізетіні көрсетілген (Депортация, 2014: 587).

Сол жылдың мамыр айының соңында Қызылорда облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде институт және өңірдегі мектептер жұмысындағы реформалардың жүргізілуі мәселесін қарағаны байқалады. Педагогикалық институтқа қазақ және басқа ұлт өкілдерінен студенттер қабылдауды көбейту мәселесі қаралды. Институтқа оқуға 13 мұғалім мен 2 педагогикалық училище бітіріп жатқан студентті жіберуді шешті. Сонымен бірге институтқа алдағы оқу жылында 50 адамды оқытатын екі

айлық дайындық курсын ашуға қаржы бөлінеді (Депортация, 2014: 588).

Корей институтының жағдайына қарағанда салыстырмалы түрде корей тілінде оқытатын мектептердің жағдайы «біршама тәуір» болған сияқты.

Қызылорда ауданында 1937 жылғы 26 қарашада берілген мәлімет бойынша 12 корей мектебі жұмыс жасап оларда 1723 оқушы білім алған. Соның ішінде Қызылорда қаласындағы оқушылар саны 1200 болған. Осы ауданның орта, орталау және бастауыш мектептерінде 68 корей мұғалімі еңбек еткен. Дегенмен арнайы мектеп ғимараты жоқтығынан, сабақ үш ауысыммен жүретіні, тақта, парта, жетіспейтіні көрсетіледі (Депортация, 2014: 532).

1938 жылы 13 наурызда Үкімет пен партия «Орыс тілін ұлттық республикалар мен облыстарда міндетті оқыту туралы» бірлескен қаулы қабылдады (Депортация, 2014: 557-561).

Кеңестік билік ұлт республикаларында орыс тілін жеке пән ретінде оқытудың төмендегідей «тиімділігін» көрсетті:

Біріншіден, КСРО көпұлтты мемлекет болғандықтан орыс тілі ұлттардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын жеңілдететін, жақындастыратын қуатты құрал.

Екіншіден, орыс тілін меңгеру ғылым және техника саласында ұлттық кадрлардың біліктілігін жетілдіреді.

Үшіншіден, орыс тілін білу КСРО азаматтарын Жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясы мен Әскери теңіз флоты қатарында әскери міндетін жақсы деңгейде атқаруына септігін тигізеді (Депортация, 2014:557).

Осылайша кеңестік саясаттың қысымымен Қызылорда қаласындағы корей педагогикалық институты мен облыстағы корей тіліндегі мектептер жабылып, орыс және қазақ тіліндегі оқу орындарына айналдырылды. Корей ұлты жастарының өз тілдерінде орта және жоғары білім алу құқығынан айырды.

Қорытынды

Сонымен Қызылорда қаласында қазақ жерінде алғашқы жоғары оқу орны Қазақ халық ағарту институты (Казинпрос) және бірнеше техникумның ашылуы республика астанасының Орынбор қаласынан осы қалаға ауыстырылуы нәтижесінде жүзеге асты. Екіншіден, Қызылордада осы оқу орындарының ашылуына Кеңес Одағында саяси, әлеуметтік-экономикалық

трансформацияның басталуы (әсіресе, үшінші бағыт-мәдени құрылысқа басымдық беру) игі әсерін тигізді. Үшіншіден, Қызылорданың қолайлы географиялық жағдайы, яғни Орталық Азияда маңызды стратегиялық орны бар Орынбор-Ташкент теміржолының бойында орналасуы, болашақта су жолы транспорты дамуы мүмкіндігі, балық шаруашылығын өркендету мүмкіндігі, Арал теңізіне құятын суы мол Сырдария өзені бойында орналасуы, бұрыннан қысы жайлы болғандықтан малға

жайлы қоныстары болуы, мал өнімдерін өңдеуге қажетті кәсіпорындар салу мүмкіндігі факторлары, яғни осы салаларға болашақта қажет мамандар даярлау қажеттігі әсер етті деп білеміз. Төртіншіден, 1937 жылы СССР-дің Қиыр Шығысынан Корей пединститутының осы қалаға келіп орналасуы Қызылордада қазақстандық педагогикалық институттың ашылып, қазіргі күнгі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне айналуына ықпал етті.

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қазақстандық тарихшылар мен әдебиетшілердің шығармаларын талдау негізінде XX-XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі зияткерлік тарихты кешенді пәнаралық зерттеу» бағдарламасы шеңберінде дайындалды (тіркеу нөмірі: BR28713085).

Дереккөз

ҚОМА – Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві
ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президенті архиві

Әдебиеттер

1. Аканов К.Г., 2019. История столиц Казахстана в XX веке: опыт создания, передислокации и вопросы нацистроительства: дисс. ... PhD. Специальность 6D020300 – «История». Астана. 228 с.
2. Амантаев Ж., 1957. Развитие высшего образования и науки в Казахстане. Алма-Ата. 74 с.
3. Грибанова Е.М. и др., 2014. Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг. Т. 2: сборник документов. Алматы: «LEM». 740 с.
4. Досмағанбетов Б.С., Киреев М.К., 1999. Қызылорда. Алматы: РИК. 222 б.
5. Жаманбаев К.Ж., 1972. Высшая школа в Казахстане. Исторический опыт Компартии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920–1970 гг.). Алма-Ата. 184 с.
6. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 4, 1977. Отв. редактор А.Х. Касымбаев. Алма-Ата: «Наука» КазССР. 640 с.
7. Кан Г.В., 1995. История корейцев Казахстана. Алматы: «Ғылым». 208 с.
8. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 2-том, 1999. Бас ред. Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 704 б.
9. Лукьянец И.К., 1953. Борьба партийной организации за создание высшей школы в Казахстане (1920–1934 гг.): кандидатская диссертация. Алма-Ата. 151 с.
10. Мадин И.Б., 1973. Развитие высшего педагогического образования в КазССР и педагогическая подготовка учителей. Алма-Ата: Мектеп. 220 с.
11. Малявина Л., 2016. Корейский (Интернациональный) педагогический институт во Владивостоке: от создания до выселения (1931–1937 гг.) // Научный диалог. № 3 (51). С. 195–208. [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/koreyskiy-internatsionalnyy-pedagogicheskiy-institut-vo-vladivostoke-ot-sozdaniya-do-vyseleniya-1931-1937-gg/viewer>.
12. Назарбаева Г., Абжанов Х., 2004. Қазақстан: тарих, тұлға, теория. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 344 б.
13. Советская историческая энциклопедия. Т. 7, 1965. Гл. ред. Е.М. Жуков. Москва: «Советская энциклопедия». 1022 с.
14. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И., 1967. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов: история строительства советской культуры Казахстана. 1917–1965 гг. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР. 422 с.
15. «Сыр елі». Қызылорда облысы: энциклопедия, 2005. Бас ред. Б.Ф. Аяған. Алматы: «Қазақ

энциклопедиясының Бас редакциясы». 544 б.

16. Мәми Т., 2006. Қызылорда астана болғанда: ғылыми-көпшілік әдебиет. Қызылорда: Қызылорда мемлекеттік университеті. 96 б.

17. №12. Из протокола № 31 заседания Большого Президиума Киргизского Центрального Исполнительного Комитета о перенесении центра КАССР. 9 февраля 1925 г., 2008 // Столицы Казахстана: сборник документов и материалов. Астана. 278 с.

Sources

QOMA – Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] [in Kazakh]

QR PA – Qazaqstan Respublikasy Prezidenti Arhivi [Archive of the President of the Republic Kazakhstan] [in Kazakh]

Reference

1. Akanov K.G., 2019. Istoriya stolits Kazakhstana v XX veke: opyt sozdaniya, peredislokatsii i voprosy natsiostroitelstva [History of the capitals of Kazakhstan in the 20th century: experience of creation, relocation and issues of nation-building]: diss. ... PhD. Spetsialnost 6D020300 – «Istoriya». Astana. 228 p. [in Russian].

2. Amantaev Zh., 1957. Razvitie vysshego obrazovaniya i nauki v Kazakhstane [Development of higher education and science in Kazakhstan]. Alma-Ata. 74 p. [in Russian].

3. Gribova E.M. et al., 2014. Iz istorii deportatsii. Kazakhstan. 1935–1939 gg. T. 2: sbornik dokumentov [From the history of deportations. Kazakhstan, 1935–1939. Vol. 2: collection of documents]. Almaty: «LEM». 740 p. [in Russian].

4. Dosmaganbetov B.S., Kireev M.K., 1999. Qyzylorda [Kyzylorda]. Almaty: RIK. 222 b. [in Kazakh].

5. Zhamanbaev K.Zh., 1972. Vysshaya shkola v Kazakhstane. Istoricheskii opyt Kompartii Kazakhstana po rukovodstvu vysshei shkoloi za 50 let (1920–1970 gg.) [Higher school in Kazakhstan. The historical experience of the Communist Party of Kazakhstan in managing higher education over 50 years (1920–1970)]. Alma-Ata. 184 p. [in Russian].

6. Istoriya Kazakhskoi SSR (s drevneishikh vremen do nashikh dnei). V pyati tomakh. T. 4, 1977 [History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day. In five volumes. Vol. 4]. Otv. redaktor A.Kh. Kasymbaev. Alma-Ata: «Nauka» KazSSR. 640 p. [in Russian].

7. Kan G.V., 1995. Istoriya koreitsev Kazakhstana [History of Koreans in Kazakhstan]. Almaty: «Gylym». 208 p. [in Russian].

8. Qazaqstan: Ulttyq entsiklopediya. 2-tom, 1999 [Kazakhstan: National Encyclopedia. Vol. 2]. Bas red. A. Nysanbaev. Almaty: «Qazaq entsiklopediyasy» Bas redaktsiyasy. 704 b. [in Kazakh].

9. Lukyanets I.K., 1953. Borba partiinoi organizatsii za sozdanie vysshei shkoloy v Kazakhstane (1920–1934 gg.) [The struggle of the party organization for the creation of higher education in Kazakhstan (1920–1934)]: kandidatskaya dissertatsiya. Alma-Ata. 151 p. [in Russian].

10. Madin I.B., 1973. Razvitie vysshego pedagogicheskogo obrazovaniya v KazSSR i pedagogicheskaya podgotovka uchitelei [Development of higher pedagogical education in the Kazakh SSR and pedagogical training of teachers]. Alma-Ata: Mektep. 220 p. [in Russian].

11. Malyavina L., 2016. Koreiskii (Internatsionalnyi) pedagogicheskii institut vo Vladivostoke: ot sozdaniya do vyseleniya (1931–1937 gg.) [Korean International Pedagogical Institute in Vladivostok: from establishment to deportation (1931–1937)]. Nauchnyi dialog. No. 3 (51). P. 195–208. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/koreyskiy-internatsionalnyy-pedagogicheskiy-institut-vo-vladivostoke-ot-sozdaniya-do-vyseleniya-1931-1937-gg/viewer> [in Russian].

12. Nazarbaeva G., Abzhanov Kh., 2004. Qazaqstan: tarikh, tulga, teoriya [Kazakhstan: history, personality, theory]. Almaty: ZhShS RPBK «Dauir». 344 b. [in Kazakh].

13. Sovetskaya istoricheskaya entsiklopediya. T. 7, 1965 [Soviet Historical Encyclopedia. Vol. 7]. Gl. red. E.M. Zhukov. Moscow: «Sovetskaya entsiklopediya». 1022 p. [in Russian].

14. Suleimenov R.B., Bisenov Kh.I., 1967. Sotsialisticheskii put kulturnogo progressa otstalykh narodov: istoriya stroitelstva sovetskoi kultury Kazakhstana. 1917–1965 gg. [The socialist path of cultural

progress of backward peoples: the history of the construction of Soviet culture in Kazakhstan, 1917–1965]. Alma-Ata: Izdatelstvo «Nauka» Kazakhskoi SSR. 422 p. [in Russian].

15. «Syr eli». Qyzylorda oblysy: entsiklopediya, 2005 [Syr Eli. Kyzylorda region: encyclopedia]. Bas red. B.G. Ayagan. Almaty: «Qazaq entsiklopediyasynyn Bas redaktsiyasy». 544 b. [in Kazakh].

16. Mami T., 2006. Qyzylorda astana bolganda: gylymi-kopshilik adebiet [When Kyzylorda was the capital: popular science literature]. Qyzylorda: Qyzylorda memlekettik universiteti. 96 b. [in Kazakh].

17. № 12 Iz protokola No. 31 zasedaniya Bolshogo Prezidiuma Kirgizskogo Tsentralnogo Ispolnitelnogo Komiteta o perenesenii tsentra KASSR. 9 fevralya 1925 g., 2008 [No. 12. From protocol No. 31 of the meeting of the Grand Presidium of the Kirghiz Central Executive Committee on the transfer of the center of the KASSR. February 9, 1925]. Stolitsy Kazakhstana: sbornik dokumentov i materialov. Astana. 278 p. [in Russian].

***Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.**

Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

*e-mail: rustem_nurkat@mail.ru

СОЗДАНИЕ СРЕДНИХ И ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ В ГОРОДЕ КЫЗЫЛОРДА 1920-1930 ГОДЫ

Аннотация. Цель статьи – рассмотреть возникновение, становление и отдельные сложные страницы истории специальных средних и высших учебных заведений в городе Кызылорде, который в 1925–1929 годах был столицей Казахстана, в контексте общественно-политических и культурных процессов 20–30-х годов XX века. В ходе исследования на основе анализа исторических документов и научной литературы установлено, что в 20-е годы XX века в Кызылорде было открыто несколько техникумов, которые до начала Второй мировой войны играли важную роль в подготовке специалистов для экономики республики. Вместе с тем в статье рассматривается переселение в Казахстан, а затем размещение в Кызылорде части корейского этноса из Дальневосточного региона СССР, подвергнувшегося депортационной кампании как одного из проявлений сталинского тоталитарного режима в отношении народов, признанных «ненадежными для советской власти». В этой связи на конкретных материалах показано, что в городе были организованы корейские школы и педагогический институт с обучением на корейском языке, однако вскоре, по требованию большевистской власти, он был закрыт и преобразован в высшее учебное заведение с обучением на казахском и русском языках. Авторы, опираясь на новые исторические документы, впервые вводят в научный оборот материалы, раскрывающие данный сложный этап истории образования Кызылорды.

Ключевые слова: СССР, КазАКСР, Казахский институт народного просвещения (Казинпрос), техникумы, Кызылординский Корейский педагогический институт.

Для цитирования: Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы // Мадени мұра. 2026. № 2 (113). С. 202-215 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.16>

***Sydykov E.B., Duisen S.Zh., Zhumanbay R.N.**

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Kazakhstan

*e-mail: rustem_nurkat@mail.ru

ESTABLISHMENT OF SECONDARY AND HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE CITY OF KYZYLORDA 1920-1930 YEARS

Abstract. The purpose of the article is to examine the emergence, formation and certain complex aspects in the history of specialized secondary and higher educational institutions in Kyzylorda, which was the capital of Kazakhstan in 1925–1929, within the context of the socio-political and cultural processes of the 1920s and 1930s. Based on the analysis of historical documents and scholarly literature, the study shows that several technical schools were opened in Kyzylorda in the 1920s and, until the beginning of the Second World War, played an important role in training specialists for the economy of the republic. The article also considers the relocation to Kazakhstan and later to Kyzylorda of part of the Korean ethnic group from the Far Eastern region of the USSR, who were subjected to deportation as one of the manifestations of the Stalinist totalitarian regime against peoples considered “unreliable for Soviet power.” On the basis of specific documents, the authors describe the establishment of Korean schools and a pedagogical institute with instruction in Korean, its subsequent closure by the Bolshevik authorities, and its transformation into a higher educational institution with instruction in Kazakh and Russian. The materials are introduced into scholarly circulation for the first time.

Keywords: USSR, Kazakh SSR, Kazakh Institute of public education (Kazinpros), technical schools, Kyzylorda Korean Pedagogical Institute.

For citation: Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years // Madeni mura. 2026. №2 (113). pp. 202-215 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.16>

Авторлар туралы мәлімет:

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0001-5276-772X.

Scopus ID: 57190531589

Дүйсен Сейітқали Жажияұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-3275-5294.

Scopus ID: 59160077400

Жұманбай Рүстем Нұрқатұлы, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0001-9506-3685

Сведения об авторах:

Сыдықов Ерлан Батташевич, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0001-5276-772X.



Scopus ID: 57190531589

Дүйсен Сейткали Жахияулы, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, старший научный сотрудник Научно-исследовательский центр «Ел тарихы» им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-3275-5294.

Scopus ID: 59160077400

Жұманбай Рустем Нуркатович, докторант, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0001-9506-3685

Information about authors:

Sydykov Yerlan Battashevich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-5276-772X.

Scopus ID: 57190531589

Duisen Seitkali Zhakhiauly, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Senior Researcher at the L. N. Gumilyov Research Center for «El tarikhy», Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-3275-5294.

Scopus ID: 59160077400

Zhumanbay Rustem Nurkatovich, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-9506-3685